

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ  
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК  
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

## **«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»**

### **VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

### **МАТЕРИАЛЫ**

### **VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

### **«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»**

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

## **АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫ: ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Л. С. Нуркеева

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қайта жаңғыртылған «Өлкө табиғаты мен экологиясы» залының экспозициясын жасақтаудағы өлкө аумағында табылған палеонтологиялық қазба байлықтарының маңыздылығы өте зор. Әлемдік музейлер тәжірибесінде палеонтологиялық жәдігерлер есебінен келушілер саның арттыра елдің туристік имиджін көтеру жұмыстары кеңге қойылған.

Музей қорындағы әр аталымда ботаника топтамасы бойынша 1500 астам, зоологиядан - 300 данаға жуық, геологиядан – 700 астам, түпнұсқалығы және құндылығымен ерекше саналатын жалпы саны 3000 астам палеонтологиялық топтамасының толығуына атақты геолог-барлаушы Р.А. Сегедин көп еңбек сінірген, оның тапсырған құнды коллекциясы қорда сақтаулы.

Палеонтология ғылымы жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлардың даму тарихын зерттейтін мәлім. Жердің геологиялық даму кезеңінен бастап жалпы палеозой дәуірінде Ақтөбе облысының аумағы тұтасымен теңіз астында болып, пермь кезеңінде (282 млн жыл) құрғайды. Архей заманының биологиялық өмірін анықтау мүмкін емес, мәрмәр тасты қазбалардан табылған строматолиттер - алғашқы қарапайым әкті балдырларды тіршілік иелеріне жатқызуға болады (Сегедин, 2002, 23,50 бб). Кен жыныстарында сакталған протерозойлық органикалық тіршіліктің іздері - қанқасыз түрлердің орын қатты қанқалы (моллюск, буынаяқтылар) түрлер басты. Палеозойлық қабаттың 6 жүйесінің әрқайсысына тән өз тіршілік иелері бар: кембрийде буынаяқтылар - трилобиттер көп таралса, девон «балықтар кезеңі» аталды. Карбон көмір кен орындарымен және қосмекенділер қалдықтарымен ерекшеленсе, пермде шөлейтті жерлер мен алғашқы бауырымен жорғалаушылардың іздері сакталған қабаттармен ерекшеленеді. Мезозойлық түзілімдерде шиыршиқ тәрізді моллюск - аммониттер басым болғанымен бұл дәуір динозаврлар дәуірі деген атаумен танымал. Стратиграфиялық шкаланың соны - кайнозойлық қабатта түрлі сұтқоректілердің қанқа қалдықтары табылды (Лаломов, 2018).

Орал таулары аумағында кембрийлік ағзалардың қалдықтары кездеспесе де Ор-Елек үстіртінде археоциат, брахиопода, трилобит іздері кездеседі. Ордовик дәуірінде Ақтөбе облысының жері түгелімен теңіз түбінде болып, бұл жерде басаяқтылар, трилобиттер мен ішекқуысты маржан: табуляттар, төртсөуелі ругоза, ежелгі тікентерілілер көбейген. Әлімбет және Медес, Ақсу өзендері бастауларында *Orthis* ортис тобындағы құлыпты және *Obolus* оболюс тобындағы құлыпсыз брахиоподалар кездессе, ірі трилобиттер қалдығы Әлімбет өзеніне тән. Девон кезеңінде ортапалеозойлық ағзалар толығымен жойылып, олардың орнына *Spirifer* спирифер және *Rhynchonella* ринхонелла тобының иықаяқтылары көбейеді, іірімді бақалшакты *Goniatitida* гониатиттер пайда болып, трилобиттердің орнын жәндіктер басады. Девондық теңіздерде

сауытты, акулатерізді және қостынысты балықтар өмір сүріп, осы кезеңінде сонында саусақканаттылардан алғашқы қосмекенді жануар - *Stegocephalia* стегоцефалдар пайда болды. Таскөмір кезеңі әкті кедертас - маржандар, мшанкалар, теңіз лалагұлі мен иықақтылар дәуірі болса да құрсақаяқты, тақта желбізекті ұлулар, өрмекшітәрізділер де кең тараған. Пермь кезеңінде тұщысулы қосжақтаулы ұлулар *Pelecypoda* және ұсақбақалшақты шаяндар *Ostracoda*, сүйекті балықтар мен амфибийлер, ірілі бауырымен жорғалаушылар (рептилий) көбейеді.

Эоцен кезеңі сонында теңіз жайылуы тоқтап, тартыла бастағандықтан Мұғалжар тауы аумағында жоғарыборлы қабаттарда малта тастармен қатар фосфорланған губкалар, бақалшақтар, белемнит сауыты мен акула тістері сақталған. Теңіз жағалауында субтропикті жалпақжапырақты ағаш түрлері: шамшат, талшын, магнолия, мирта, дриандра, құрма, шенгел, қызыл тал жайқалып өсken. Ор өзенінің сол жағалауы Романкөл және Қарақобданың он жағалауында бұталы субтропиктік өсімдіктер - камфорлы лавр, фікус, грек жаңғағы, сабаль пальма тәріздестердің қалдықтары табылды. Олигоцен кезеңінде теңіз біржолата құрғап, жалпақжапырақты өсімдіктер - шегіршін, қайың, үйенкі, терек, орман жаңғағы, таксадиум, камыс, қылқанжапырақтылар кең етек жайды (Сегедин, 2002, 80-б).

1912 жылы Тау институтының студенті И.Я.Гайлит Жыланшық өзені бойынан мастодонт және мүйізтұмсық қалдықтарын, ал 1913 жылы орта олигоцен кезеңінде Торғай даласында өмір сүрген мүйізсіз мүйізтұмсық - индрикотерийдің сүйектерін тапты. 1926 жылы М.В. Баярунас экспедициясы Нұра өзені бойынан ірі шошқатәріздес - энтеледон, ұсақ кеміргіштер, қорқаутәріздес саркастодон және эндрьюсархи сүйектерін қазып алған. (Ефремов, 2018). Неоген дәуірінің плиоцен кезеңінде тұмсықтылардан - мастодонт, жыртқыштардан - азулы жолбарыс, тұяқтылардан - гиппариондар әлі де сақталып, Ақтөбе жерінде төрттік кезеңдегі мұз басу дәуірінің тіршілік иелері мамонт, алып бұғы мүйіздері мен сүйек қалдықтары табылды (Сегедин, 2002, 86-б) мастодонтың туысы динотерий де үштік кезенінің ең алып жануарларының бірі саналды (Общая биология, 1967, 83-б). Суық тундра-далалық жағдайда мамонттық фауна өкілдері - жұндес мамонт (*Mammuthus primigenius*), жұндес мүйізтұмсық (*Coelodonta antiquitatis*), ұсақ өгіз (*Bison priscus mediator*), жабайы өгіз (*Bos primigenius*), Кноблох түйесі (*Camelus knoblochi*), жылқылар *Equus caballus*, *E. (hemionus) hemionus*, *E. (Asinus) hydruntinus*, киік (*Saiga tatarica*), алып бұғы (*Cervus elaphus*), арқар (*Ovis ammon*), жабайы қой, үңгір (*Ursus (Spelaearctos) rossicuss*) және қоңыр аю, үңгір қорқау қасқыры (*Crocuta spelea*), үңгір арыстаны (*Panthera (Leo) spelaea*), қасқыр, тұлкі және басқалары да өмір сүрді (Заселение Казахстана, 2018).

Музей қорының табиғи-биологиялық топтамасындағы ерекше палеонтологиялық коллекцияны құрайтын Палеозой дәуірінің Ордовик кезеңіне жататын - буынайқтылар түрінін трилобит азафус *Asaphus* (№4077), брахиопода түрінен - брахиопода пфамбонитэс (№4078), карнейтирийс брахиопода ядросы *Carneithyris* (№4384), құлышсыз брахиопода (№4391) болса,

Силур кезеңіне ішеккүйстілар түрінен табулет Сирингопора тобындағы коралл *Syringopora* (№4079), жартыхордалы Граптолит *Graptolithina* (№4080, 4389) жатады. Девон кезеңінен Строматопорат коралы *Stromatoporo* (№4081), ішеккүйстілар түрі – Циатофиллум *Cyatophyllum* (№4082), гониатит *Goniatitida* және климения *Clymenia* (№4084) басаяқты моллюсттер, брахиопода Карпинский *Karpinskia* (№4083), брахиопода спирифер *Spirifer* (№4390) түрлері бар. Тасқөмір кезеңінен ішеккүйстілар түрі – хэтетес коралы *Chaetetes* (№4085), әктастағы брахиоподалар (4086), продуктус брахиоподасы *Productus* (№4087), амплексус коралы *Amplexus* (№4088), зафрендис *Zaphrentis*, ботрофиллум коралдары *Bothrophylgium* және продуктус (№4089); лепидодендрон іздері *Lepidodendron* (№4090), әктастағы коралдар (№4392), мшанка фенестелла *Fenestella* (№15010/151-158). Пермь кезеңіне ішеккүйсты сирингопора коралы (№4091), әктастағы фузуландер (№4092), басаяқты моллюсттер (№4093), имитоцерас аммониты *Imitoceras* пен климения гониатиттері (№4094), мшанка тамнискус *Tamniscus* (№15010/141-145) жатады. Мезозой дәуірінің Юра кезеңіндегілер – тастағы аммонит – кардиоцерас *Cardioceras* (№4095), макроцифалитес аммониты (№4096), аммонит ішкі ядросы перисфинкtes (№4097), пахитеутис, цилиндротеутис белемниттері *Cylindroteuthis* (№4098, 4099, 4399), басаяқты моллюск (№4100, 4131), тақжелбезекті грифей (№4101, 4394), хламис (№4102), жапырақ ізі (№4103), ірі аммонит (№4104), аммонит ядросының қалдықтары (№4371), аммонит кадоцерас *Cadoceras* (№4380), аммонит ядросы *Chamonssettia* (№4381), аммонит Иловайский Соколова *Plovaiska sokolova* (№4382, 4411), аммонит виргатитес *Virgatites quenstedti* (№4386), аммонит перисфинкtes *Perisphinctes* (№4387), аммонит виргатитес виргатус *Virgatites virgatus* (№4388), тақжелбезекті моллюск амфиданта *Amphidanta* (№4395), брахиопода теребратула *Terebratula* (№4397), триас кезеңіндегі *Serpula* серпула құрттың әкті тұтігі (№4402), аммонит кардиоцерас экскаватум *Cardioceras exavatum* (№4404), тақжелбезекті моллюск алектриония *Alectryonia* (№4406). Бор кезеңінен вентрикулитес губкасы (№4105, 4374, 15010/49-60), этериджия (№4106), фенестелла (№4107), теңіз кірпісі эхинодея *Echinoidea* (№4108), бакулитес аммониті (№4109), белемнителла мен белемнелла (№4110, 4111, 4400, 4407), гониокамакс (№4112), грифей (№4113), тас ағаш (№4114), кесіртке омыртқасы (№4115, 4373), балық омыртқасы (№4116), Анокоракс, акула тісі (№4117, 4408), тасқа айналған ағаш (№4160), неobelемнелла *Neobelemnella Kazimirviensis* (№4396), басаяқты моллюск актинокамекс *Actinocamix verns* (№4398), басаяқты моллюск парактинокамекс *Paractinocamex* (№4401), ринхонелла, корнейтирис брахиоподалары *Rhynchonella*, *Carneithyris* (№15010/4-9), моллюск иноцерамус *Inoceramus* (№15010/11), моллюск экзогира *Exogyra* (№15010/16, 17). Палеогендік кезеңге тақжелбезекті моллюск глиценерис (№4118), құрсақаяқты моллюск туррителла (№4119), аммонит циприна *Cyprina islandica* (№4120), кендерігі брахиопода (№4121), шамшат жапырақ ізі (№4122), әктастағы нумулиттер *Nummulites* (№4385), панапея моллюск *Pelecypoda panapaea* (№15010/1), остреа моллюск *Ostrea* (№15010/2), кардиопсис моллюск *Cardiopsis*

(№15010/3), красателла моллюск *Crasatella* (№15010/10) жатады. Неоген кезеңінен тақжелбезекті моллюск кардиум (№4123), құрсақаяқты мурекс (№4124), құрсақаяқты палюдина (№4125), шынар жапырақ ізі (№4126), тақжелбезекті моллюск карбула *Carbula humersens* (№4393) бар. Антропоген кезеңіне мамонт тісі (№4127, 4364), жылқы тісі (№4128, 4361, 4369, 4372), мамонт омыртқасы (№4129), тақжелбезекті моллюск перловица (№4130), кендегі пелеципода мен гастропода (№4132), акула тісі (№4133, 4368), мамонт азуы (№4134, 4139), эласмотерий сүйегі (№4135), мамонттың мойын, төс сүйегі, жіліншігі, қабыргасы (№4136, 4138, 4144), ежелгі піл тісі (№4137), жұнді мүйізтұмсық жауырыны, жіліншігі (№4140, 4141), алғашқы күдір мүйізі (№4142), мегалоцерас мүйізі (№4143), бұғы мүйізі (№4145), коралл колониясы (№4362), теңіз кірпісі (№4363), бизон жіліншігі (№4366), түйе білікомыртқасы (№4367), құлан жағы мен тістері *Equus hemionus* (№15010/185-192), үңгір жолбарысының сүйек қалдығы *Panthera spelaea* (№15010/198), фораминиферлер (ККТ-4587/1-101) - В.И. Гладкова коллекциясынан (Екінші есептік тіркеу кітабы).

Музей қорында сақталған палеонтологиялық мұраның толық зерттелуі болашақтың еншісінде және жас ғалымдардың ізденістері үшін облыстық тарихи-өлкетану музейімен ынтамақтастық қатынас орнату басталғаны қүптарлық іс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:**

- 1 Екінші есептік тіркеу кітабы. АОТӨМ қоры.
- 2 Ефремов И. Тургайские раскопки <https://biography.wikireading.ru/44561> 19.06.2018
- 3 Заселение Казахстана представителями человеческого рода. <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9063/> 19.06.2018
- 4 Лаломов А.В. Пешком в прошлое или прогулка по залам Палеонтологического музея <https://www.kazedu.kz/referat/68098> 19.06.2018
- 5 Общая биология. Под редакцией профессора Ю.И.Полянского. – М.: 1967.
- 6 Сегедин Р.А. Рассказ о геологии Актюбинской области и богатствах ее недр. – Актобе.: 2002.